

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті ардагерлер кеңесінің кеңейтілген мәжілісінің хаттамасы

8 қазан, 2025 жыл

Қатысқандар: ардагерлер кеңесінің мүшелері: Кабиева А.К., Тастанова Ж.А., Болтаев А.Д., Минайдарова М.Е, Кошкимбаева Б.Ж, Қарабалаев Қ.А., Қожабеков С.С.

Қатыспағандар: ардагерлер кеңесінің мүшелері: Халиева Ә.А., Абдықадырова Т.Р, Нұрымбетов Ә.Ұ. – ауырып жатыр, Уалиев Б.М., Тулеубаев Ж.С. – сабақта.

Күн тәртібінде:

1. М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті ардагерлер кеңесінің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;
2. Факультет ардагерлерінің тізімін тексеріп, толықтырып, қайта жасау.
3. Республика күніне арналған салтанатты жиналыста марапаттауға әр факультет ардагерлерінің кандидатурасын ұсыну туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша Кабиева А.К. – ардагерлер кеңесінің төрағасы, 2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды.

- 1) Минайдарова М.Е. – филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ол өз сөзінде факультеттегі ардагерлердің «Студенттер альянсымен» қарым-қатынасын орнатуды және «Таза сессия» акциясына қатыстырылуына ұсыныс жасады.
- 2) Болтаев А.Д. – педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің төрағасы, университет ардагерлер кеңесі қоғамдық ұйым болғандықтан, кәсіподақ комитетімен және деканаттармен бірлесіп жұмыс істегені дұрыс, өйткені осы семестрде оқу процесі кешке дейін жүретінін атап өтті, сонымен қатар іс-шараларды көбейтудің қажеті шамалы екенін айтты.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 2 – ші сұрақ бойынша Кабиева А.К. - ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ол кісі өз сөзінде факультеттердегі ардагерлер тізіміне 15 жылдан аса қызмет істеп университеттен зейнетке шыққан қызметкерлерді және 20 жылдан аса дәріс берген және университеттен зейнетке шыққан оқытушыларды қосқан дұрыс деді.

Сонымен қатар 2026 жылы 70,75 және 80 жасқа толатын ардагерлерді марапаттау үшін ол кісілер университетте кем дегенде 25 жыл еңбек етуінің

маңызды екенін ескеруді және қоғамдық жұмысқа белсене қатысуы қажет екенін атап өтті.

1. Қарабалаев Қ.А. – Дене шынықтыру және АӘД факультеті ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ол кісі өз сөзінде ешқандай ардагер тізімнен қалып кетпеуі керек және Республикалық мерекелерде әр ардагердің сол мерекеге қатысты екенділігіде ескерілуін қамтамасыз етуіміз керек деді.
2. Қожабеков С.С. – Экономика және құқық факультеті ардагерлер кеңесінің төрағасы. Университетте ардагерлер ұзақ уақыт қызмет еткенімен қоса, қоғамдық жұмысқа да белсене қатысқанын ескеруіміз өте қажет екендігін ұмытпауымыз керек - деді.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 3 – ші сұрақ бойынша Кабиева А.К. – ардагерлер кеңесінің төрағасы. Республика күніне арналған бірлескен салтанатты жиналысқа әрбір факультеттен және құрылымдық бөлімнен бір – бір ардагерді марапаттауға ұсыныс жасау керек екенін айтты. Бұл ұсынысты 2025 жылғы қазанның 15-күні сағат 13.00-ге дейін беру керек екендігін және марапаттар: облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінен, Қазақстан халқы Ассамблеясынан және Университет ректоры атынан Алғыс хаттар болатынын атап өтті.

1. Кошкимбаева Б.Ж. – Жаратылыстану ғылымдары факультетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ол кісі өз сөзінде марапатқа ұсынылатын ардагерлердің жұмыс істеп жатқаны, болмаса үйде отырғанын таңдауды әр факультет өздері шешкені дұрыс екенін айтты.
2. Тастанова Ж.А. – Ардагерлер кеңесінің мүшесі. Марапатқа ұсынылған ардагерлердің аты-жөні көрсетілген ұсынысты сәрсенбіден, яғни 15.10.2025 күні түстен қалдырмай беруді және оларға қандай марапат берудің дұрыс екенін ардагерлер кеңесінің төрағасымен келісіп, шешетінін айтты.

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді талқылай отырып, М.Х.Дулати атындағы университет ардагерлер кеңесі төмендегідей **Шешім** қабылдады:

1. Ардагерлер кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Барлық факультет, бөлімдердің ардагерлерінің тексерілген және толықтырылған тізімі қайта жасалып, университет ардагерлер кеңесіне қазан айының 15-не дейін тапсырылсын.
3. Факультеттердің ардагерлер кеңесінің төрағалары Республика күніне арналған салтанатты жиналыста марапаттауға ұсынылған ардагерлерді ардагерлер кеңесіне 2025 жылы қазанның 15 күні түске дейін тапсырсын.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Университет Ардагерлер кеңесі
мәжілісінің хатшысы



Тастанова Ж.А.